

"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) бекіту туралы (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы)" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 маусымдағы N 696 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімді (Жай операциялар) бекіту туралы (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы)" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімді бекіту туралы (Жай операциялар) (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы)

2004 жылғы 9 ақпанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісім (Жай операциялар) (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қарыз нөмірі 2006-Kaz

Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкінің арасындағы Қарыз туралы келісім

(Жай операциялар) ("Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз" салалық жобасы) 2004 жылғы 9 ақпан күні LAL: KAZ 34234 Қарыз туралы шарт (Жай операциялар)

Қазақстан Республикасы (бұдан әрі Қарыз алушы деп аталатын) мен Азия Даму Банкінің (бұдан әрі АДБ деп аталатын) арасындағы 2004 жылғы 9 ақпандағы Қарыз т у р а л ы к е л і с і м .

(А) Қарыз алушы АДБ-ға осы Қарыз туралы келісімнің 1-толықтыруында сипатталған Жобаның мақсаттары үшін қарыз беру туралы өтініш жасауына;

(Б) Қарыз алушы сол сияқты Ислам Даму Банкіне (бұдан әрі ИДБ деп аталатын) Жобаның бөлігін, атап айтқанда Қарағандыдағы құрылыс жұмыстары, жабдықтар/ материалдар үшін қаржыландыру туралы өтініш жасауына; және

(С) АДБ төменде белгіленген мерзімде және шарттарда Қарыз алушыға АДБ-ның әдеттегі күрделі ресурстарынан қарыз беруге келісім білдіруіне орай, Осы тараптар мына төмендегі туралы уағдаласты:

I-бап

Қарыз жөніндегі нұсқаулықтар; анықтамалар

1.01-бөлім. 2001 жылғы 1 шілдеден бастап ЛИБОР ставкасы бойынша АДБ-ның әдеттегі күрделі ресурстарынан алынатын қарыздарға қолданылатын жай операциялар үшін Қарыз жөніндегі нұсқаулықтардың барлық ережелері, олар осы Келісім үшін толығымен жазылған сияқты күшіне енгізіле және қолданыста бола отырып, осы Қарыз туралы келісімге қолданылады (Жай операцияларға арналған Қарыз жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген операциялар бұдан әрі "Қарыз жөніндегі нұсқаулықтар" деп аталады).

1.02-бөлім. Егер мәтінде өзгеше көзделмесе, Қарыз жөніндегі нұсқаулықтарда анықталған бірнеше терминдер оларды осы Қарыз туралы келісімде пайдаланған кезде тиісті мағынаға ие болады, ал төменде келтірілген қосымша терминдер мынадай мағыналарда пайдаланылады:

- (a) "ЖҚҰ" жергілікті қоғамдық ұйымдарды білдіреді;
- (b) "ЖБОТ" Қарыз алушы Қарыз туралы келісім күшіне енген күнге дейін құрылуы тиісті Жобаны басқару жөніндегі мамандардың орталық тобын білдіреді;
- (c) "АШМ" Қарыз алушының және/немесе оның құқықтық мирасқорының Ауыл шаруашылығы министрлігін білдіреді;
- (d) "ҚМ" Қарыз алушының және/немесе оның құқықтық мирасқорының Қаржы министрлігін білдіреді;
- (e) "Денсаулықмині" Қарыз алушының және/немесе оның құқықтық мирасқорының Денсаулық сақтау министрлігін білдіреді;
- (f) "ҮЕҰ" үкіметтік емес ұйымды білдіреді;
- (g) "Облыс" ірі әкімшілік-аумақтық бірлікті білдіреді;
- (h) "ПжҚ" пайдалануды және қызмет көрсетуді білдіреді;
- (i) "ЖБОТ" Қарыз туралы келісім күшіне енген күнге дейін Жобаға енгізілген әр облыста тиісті облыстық мемлекеттік басқару органдары құрылуы тиіс Жобаны басқару жөніндегі мамандардың облыстық тобын білдіреді;
- j) "ЖҮК" Жобаны үйлестіру жөніндегі комиссияны білдіреді;
- (k) "Жоба бойынша атқарушы агенттік" Қарыз туралы нұсқаулықта көзделген мақсаттар үшін және мағынада Жобаның орындалуына жауап беретін АШМ білдіреді;

(l) "Жобаның объектілері" Жобаның төңірегінде берілуі тиіс жабдықтар мен құралдарды білдіреді;

(m) "Жобаға енгізілген облыс" мына облыстардың әрқайсысын: Ақмоланы, Қарағандыны, Солтүстік Қазақстанды және Оңтүстік Қазақстанды білдіреді;

(n) "Ішкі жоба" Жобаның А Құрауышына қосылған немесе қосуға жататын және осы Келісімнің 5-толықтыруының 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген қолайлылық өлшемдеріне жауап беретін кез келген ішкі жобаны білдіреді;

(o) "СТТ" Су тұтынушылар тобын білдіреді және

(p) "СРК" Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетін және/немесе оның құқықтық мирасқорын білдіреді.

II-бап

Қарыз

2.01-бөлім. (a) АДБ Қарыз алушыға АДБ-ның кәдуілгі күрделі ресурстарынан алынатын сомасы 34 миллион алты жүз мың долларды (\$34 600 000) беруге келісін білдіреді, өйткені осы Келісімнің 2.07-бөлімінің ережелеріне сәйкес осындай сома валюта айырбастау жолымен мезгіл-мезгіл айырбасталып отырылуы мүмкін.

(b) Қарыз мерзімі осы Қарыз туралы келісімнің 2-толықтыруында көзделгендей, ұзақтығы 5 жыл жеңілдік кезеңін қоса алғанда, 25 жылды құрайды.

2.02-бөлім. Қарыз алушы АДБ-ға шоттан мезгіл-мезгіл алынып отыратын және ЛИБОР сомасына тең және Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың 3.02-бөлімінде көзделгендей 0,60% пайыз есептелетін әрбір кезең үшін ставка бойынша өтелмеген Қарыздың негізгі сомасы бойынша пайыз төлейді.

2.03-бөлім. (a) Қарыз алушы жыл сайын жылдықтың төрттен үш пайыз (0,75%) ставкасы бойынша кредит беру міндеттемесі үшін комиссиялық алым төлейді. Осындай комиссиялық алымдар осы Қарыз туралы келісім жасалған күннен кейін алпыс (60) күн өткеннен кейінгі келесі кезеңдерде Қарыз сомасына (шоттан мезгіл-мезгіл алынатын соманы шегергенде) мынадай тәртіппен есептеледі:

бастапқы он екі айлық кезең ішінде - \$5 190 000;

екінші он екі айлық кезең ішінде - \$15 750 000;

үшінші он екі айлық кезең ішінде - \$29 410 000; және

соңында - барлық Қарыз сомасына;

(b) Қандай да болмасын Қарыз сомасының күші жойылған жағдайда, осы Бөлімнің (a) тармағында көрсетілген Қарыздың әрбір бөлігінің мөлшері, өйткені күшін жою оның күші жойылған сәтке дейінгі Қарыздың толық сомасына жатуына байланысты сондай мөлшерлес түрде аздады.

2.04-бөлім. Қарыз алушы АДБ-ға Қарыз сомасының жарты пайызы (0,5%) мөлшерінде біржолғы комиссиялық сыйақы төлейді.

2.05-бөлім. Қарыз бойынша пайыздар мен басқа да есептеулер әр жылдың 15 наурызында және 15 қыркүйегінде жарты жыл сайын бір рет төлеуге жатады.

2.06-бөлім. Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімге 2-толықтырудың ережелеріне сәйкес Қарыз Шотынан алынған Қарыздың негізгі сомасын өтейді.

2.07-бөлім. (а) Борышты орынды басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қарыз алушы кез келген уақытта Қарыздың шарттарын қандай да болмасын мынадай нысандарда өзгертуге сұрату жасай алады:

(i) Қарыз валютасының шоттан алынған және өтелмеген немесе алынбаған негізгі Қарыз сомасының барлық немесе қандай да болмасын бөлігін мақұлданған валютаға өзгерту ;

(ii) негізгі Қарыз сомасының барлық немесе қандай да болмасын бөлігіне қолданылатын өзгермелі пайыз ставкасының базасын бекітілген ставкаға немесе керісінше өзгертуге ; және

(iii) негізгі Қарыз сомасының шотынан алынған және өтелмеген барлық немесе қандай да болмасын бөлігіне қолданылатын өзгермелі ставканың шектерін келісілген өзгермелі ставка бойынша "бөрік" пайыздық ставкасын немесе "қарғыбау/еден" пайыздық ставкасын қалыптастыру жолымен белгілеу.

(b) АДБ қабылдайтын осы Бөлімнің (а) тармағына сәйкес сұратылатын кез келген айырбасталым Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың 2.01-бөліміне (б) сәйкес "айырбасталым" болып саналады және Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың V-бабына және Айырбас жөніндегі нұсқамаға сәйкес жүзеге асырылады.

III-бап

Қарыз қаражатын пайдалану

3.01-бөлім. Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің ережелеріне сәйкес Жобаға енгізілген Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ішкі жобалар бойынша шығыстарын қаржыландыру үшін пайдаланылуына жағдай жасайды.

3.02-бөлім. Тауарлар, қызметтер және Қарыз қаражатынан қаржыландыруға жататын басқа да шығыс баптары, сондай-ақ Қарыз қаражатын осындай тауарлардың қызметтердің санаттары мен басқа да шығыстардың баптары арасында бөлу осы Қарыз туралы келісімге 3-толықтырудың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, өйткені осы 3-толықтыру Қарыз алушы мен АДБ арасында келісім бойынша мезгіл-мезгіл өзгеруі мүмкін .

3.03-бөлім. Қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруға жататын барлық тауарлар мен қызметтер АДБ өзгеге келісім беруі мүмкін болған жағдайларды қоспағанда, осы Қарыз туралы келісімге 3-толықтырудың ережелеріне сәйкес сатып алынады. Егер тауарлар немесе қызметтер шын мәнінде Қарыз алушы мен АДБ арасында келісілген

рәсімдерге сәйкес сатып алынбаса немесе егер келісім-шарттың мерзімі мен шарттары АДБ талаптарын қанағаттандырмаса АДБ келісім-шартты қаржыландырудан бас тарта а л а д ы .

3.04-бөлім. Қарыз алушы Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын барлық тауарлар мен қызметтер АДБ өзгеге келісім білдіруі мүмкін жағдайларды қоспағанда, тек қана Жобаны іске асыру мақсаттарында пайдаланылуына жағдай жасайды.

3.05-бөлім. Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың 9.02-бөліміне сәйкес Қарыз Шотынан қаражат алу үшін Қарызды жабу күні 2001 жылғы 30 маусым немесе мерзімді түрде Қарыз алушы мен АДБ-ның арасында келісілуі мүмкін басқа күн болып табылады.

IV-бап

Ерекше жағдайлар

4.01-бөлім. (а) Қарыз алушы Жоба қолданыстағы талаптарды сақтай отырып және тиімділікпен, сондай-ақ сумен жабдықтау және кәріз саласында қолданылатын дәйектелген әкімшілік, қаржылық, инженерлік және экологиялық тәжірибеге сәйкес оны пайдалана отырып жүзеге асырылды.

(б) Жобаны іске асырған немесе Жобаның шеңберінде объектілерді пайдаланған кезде Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімге 5-толықтыруда белгіленген барлық міндеттемелерді орындайды немесе орындауға жағдай жасайды.

4.02-бөлім. Қарыз алушы қажет болған кезде Қарыз қаражатын толықтыруға талап етілген және Жобаны іске асыру, сондай-ақ Жоба шеңберінде объектілерді пайдалану және оларға қызмет көрсету үшін қажетті объектілерді, қызметтерді, жерді және өзге де ресурстарды қоса алғанда, бірлесіп қаржыландыру қаражатын тез арада береді.

4.03-бөлім. (а) Жобаны іске асырған кезде Қарыз алушы осы Қарыз туралы келісімнің 4-толықтыруына сәйкес Қарыз алушы мен АДБ-ның талаптарын қанағаттандыратын шекте, мерзімде және шарттарда АДБ үшін қолайлы құзыретті және білікті консультанттар мен мердігерлерді тартуға жәрдемдеседі.

(б) Қарыз алушы АДБ үшін қолайлы жоспарларға жобалық нормаларға, техникалық ерекшеліктерге, құрылыстық жұмыс кестелері мен әдістеріне сәйкес Жобаны орындауға жәрдемдеседі. Қарыз алушы АДБ-ға жоспарларды, жобалық нормаларды, техникалық ерекшеліктерді, жұмыс кестелерін олар дайын болғаннан кейін бірден береді немесе беруге жәрдемдеседі, сондай-ақ АДБ сұрататын егжей-тегжейлі тәптіштеуін орынды дәрежеде кейінірек енгізілетін кез келген елеулі өзгерістерді ұ с ы н а д ы .

4.04-бөлім. Қарыз алушы Жобаны іске асыру, сондай-ақ орынды әкімшілік саясатқа және рәсімдерге сәйкес жобалық ғимараттарды пайдалану жөнінде өз министрліктері мен ведомстволарының қызметін жүргізуді және Үйлестіруді қамтамасыз етеді.

4.05-бөлім. (а) Қарыз алушы (і) Жоба бойынша арнайы шоттар жүргізеді немесе

жүргізуге жәрдемдеседі; (ii) тиісінше қолайлылық аудиторлық стандарттарды қолдана отырып және біліктілігі, тәжірибесі және техникалық білімі АДБ үшін қолайлы болатын тәуелсіз аудиторларды тарта отырып, жыл сайын шоттарды және тиісті қаржылық есептерді аудиторлық тексеруді ұйымдастырады; (iii) мүмкін болған бойда, ең алдымен бірақ кез келген жағдайда әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін кемінде тоғыз айдан кешіктірмей ағылшын тіліндегі аудит жүргізілген шоттардың расталған көшірмелері мен қаржылық есептерді, сондай-ақ тиісті аудиторлық қорытындыны (Аудиторлардың Қарыз қаражатын пайдалануына, осы Қарыз туралы келісімнің шарттарына сәйкестігіне, аванстық шоттар/шығыстар туралы есеп бойынша рәсімдердің сақталуына қатысты аудиторлардың пікірін қоса алғанда) АДБ-ға ұсынады; және (iv) мезгіл-мезгіл АДБ-дан дәйекті түрде сұратылып отыратын осындай шоттарға, қаржылық есептерге және олардың аудитіне қатысты өзге де ақпаратты АДБ-ға ұсынады.

(b) АДБ-ның сұратуы бойынша АДБ-ға Қарыз алушының Жобаға қатысты қаржылық есептерін талқылау және мезгіл-мезгіл Қарыз алушының аудиторларымен Жобаға қатысты қаржылық мәселелерін қарау мүмкіндігін береді, сол сияқты Қарыз алушы аудиторлардың қандай да болмасын бір өкілі, егер өзгеге Қарыз алушының келісімі болмаса, талқылау Қарыз алушының уәкілетті қызметкерінің қатысуымен ғана өтеді деген шартпен АДБ сұрататын барлық талқылауларға қатысуына уәкілеттік береді және талап етеді.

4.06-бөлім. Қарыз алушы АДБ өкілдеріне Жобаның іске асырылуына Қарыз қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды, сондай-ақ Жобаға қатысты кез келген есеп құжаттамасы мен құжаттарға тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

4.07-бөлім. Қарыз алушы дұрыс әкімшілік, қаржылық, инженерлік, табиғат қорғау практикасын сақтай отырып, сумен жабдықтау және кәріз саласында пайдаланылатын қызмет көрсету және пайдалану объектілеріне Жобаға қатысты пайдалануды, қызмет көрсетуді және жөндеуді қамтамасыз етеді.

V-бап

Қарыз туралы Келісімнің күшіне енуі

5.01-бөлім. Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың 10,01 бөліміне (f) сәйкес Қарыз туралы келісімді күшіне енгізу үшін мынадай қосымша шарттарды орындау қажет:

(a) Қарыз алушы (i) Жобаны басқару бойынша қолдау көрсету үшін қажетті консультанттарды жалдауы; (ii) ЖБОТ құруы; (iii) ЖБОМТ-рын құруға жәрдемдесуі және (iv) офис үшін тиісті үй-жайлар беруі немесе беруге және ЖБОТ пен ЖБОМТ-тар үшін құзыретті техникалық персоналды тартуға жәрдемдесуі тиіс;

(b) осы Қарыз туралы Келісімге 5-толықтырудың 2-тармағына сәйкес ЖҮК құруы тиіс ; және

(с) Қарыз алушы ҚМ-нің Денсаулықминінің, СРК-нің, жергілікті атқарушы органдардың және Жобаны іске асыратын тиісті атқарушы органдардың тиісті рөлдері мен міндеттерін көрсете отырып, Жобаны іске асыру туралы нормативтік құқықтық актіге қол қоюы тиіс.

5.02-бөлім. Қарыз туралы келісімнің күшіне ену күні Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың 10.04-бөліміне сәйкес осы Қарыз туралы келісім жасасқаннан кейінгі тоқсан (90) күн өткен соң басталатын күн болып анықталды.

VI-бап

Басқалар

6.01-бөлім. Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың 12.02-бөлімін орындау үшін Қарыз алушының өкілі ретінде Қарыз алушының Қаржы министрі тағайындалған.

6.02-бөлім. Қарыз жөніндегі нұсқаулықтың 12.01-бөлімін орындау үшін мынадай заңды мекен-жай анықталған:

Қ а р ы з а л у ү ш і н
4 7 3 0 0 0 , Қ а з а қ с т а н
А с т а н а , Ж ең і с даңғылы, 33

Қаржы министрлігі

Факсимильдік байланыс нөмірі:

(7-3172) 717785

А Д Б ү ш і н
A s i a n D e v e l o p m e n t B a n k
P . O . B o x 7 8 9

0980 Manila Philippines

C a b l e A d d r e s s :
A S I A N B A N K

MANILA

T E L . E X N u m b e r s :
2 9 0 6 6 A D B P N (R C A)
4 2 2 0 5 A D B P M (I T T)

63587 ADB PN (ETPI)

F a c s i m i l e N u m b e r s :
(6 3 2) 6 3 6 - 2 4 4 4

(632) 636-2403

Осыны куәландыра отырып, тиісті түрде өз уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін осы Келісімнің тараптары осы Қарыз туралы келісімге өз атынан қол қоюға жағдай жасады, бұл жоғарыда көрсетілген күні АДБ бас офисіне жеткізілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы

Ерболат Досаев

Уәкілетті өкіл

Азия Даму Банкі

Казухико Хигучи
АДБ-нің Қазақстандағы
тұрақты өкілдігінің

директоры

1-Толықтыру

Жобаны сипаттау

1. Жобаның мақсаты жекелеген ауылдық елді мекендерде, әсіресе халықтың аз қамтылған бөлігін сумен жабдықтау және кәріз қызметтерінің (СК) негізгі түрлерімен қамтамасыз ету арқылы (i) орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарға СК инфрақұрылымы қызметтерін беруге көмек көрсету (i) және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ су тұтынушылар топтарының (СТТ) СК объектілерін жоспарлауға, салуға, пайдалануға және қызмет көрсетуге техникалық және қаржылық мүмкіндіктерін жақсарту жолымен халықтың тұрмыс жағдайларын және денсаулығын жақсарту болып табылады.

2. Жобаның ауқымы

А құрауышы: Іс жүзіндегі инфрақұрылым

Жобаға енгізілген барлық жобаланған облыстарда мыналарды:

(i) су құбырлары жүйелерін, оның ішінде бас тоғандарды, сорғы станцияларын, тазарту құрылыстары, жинақтаушы суқоймаларын, магистральді және бөлу сутартқыштарын, қоғамдық жеке аулалар мен үйлерге су бөлу колонкалары мен бұрларды;

(ii) ағынды суларды бұру жөніндегі объектілерді;

(iii) мектеп және жеке әжетханаларды және;

(iv) қоғамдық моншаларды салу, дамыту, қалпына келтіру және жаңғырту жөніндегі кіші жобалардың орындалуы.

В құрауышы: Институционалдық дамыту

Әлуат қалыптастыру бағдарламасына (i); санитариялық-гигиеналық ағарту бағдарламасын (СГА) (ii); және Жобаны басқаруға көмек көрсету жөніндегі консультанттардың қызметтеріне қаржы-қаражат беру.

(i) Әлуат қалыптастыру бағдарламасы: орталық және жергілікті билік органдарының шамамен 2000 қызметкерлеріне және басқа жарнашыларға есептелген,

сондай - ақ

мынадай

бағыттар:

а. Судың ескерілмеген шығысын азайтуға баса көңіл бөле отырып, ЭЖО;

б. ұйымдастыру құрылымы;

с. жоспарлау, инженерлік сүйемелдеу және қаржыландыру; және

д. салауатты өмір салтына үйрету бағдарламасы жөніндегі СК жүйелерін тиімді жоспарлау, пайдалану және қызмет көрсету жөніндегі оқыту бағдарламаларын өткізу.

(ii) Санитариялық-гигиеналық ағарту (СГА) жөніндегі бағдарлама:

а. БАҚ үшін судың гигиенасы, санитариясы мен сапасы мәселелері бойынша СГА жөніндегі материалдарды беру, оқу курсы бойынша бар валеологияны толықтыратын компаниялар мен оқыту-ақпараттық материалдарды дайындау;

б. Жоба үшін таңдап алынған облыстарда аудандық және ауылдық медқызметкерлерді оқытуды, ауылдық елді мекендер мен мектеп мұғалімдерін және олар үшін СГА бағдарланған семинарларды өткізу;

с. таңдап алынған денсаулық пункттері мен мектептерді оқу материалдарымен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықтау; және

д. Жобаның аймағында орналасқан ауылдық елді мекендеріне ақпаратты беру үшін шамамен 1100 мұғалімдерді тарта отырып, СГА әдісіне үйретуді жүргізу.

(iii) Жобаны басқару жөніндегі консультанттардың қызметтері:

Жобаны іске асыруға көмек көрсету үшін консультациялық қызметтерді беру және мынадай бағыттар бойынша Жобаны басқаруға қатысу:

а. Жобаны басқару және оның мониторингі;

б. кіші жобалар шеңберінде құрылысты қадағалау; және

с. мүмкіндік жасау бағдарламасын және СГА бағдарламасын жоспарлау және іске асыру.

3. Жоба 2009 жылғы 31 желтоқсанға аяқталатын болады деп ұйғарылады.

2-Толықтыру

Қарызды өтеу кестесі

("Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз" жобасы)

1. Төмендегі кестеде Қарыздың негізгі сомасын төлеу мерзімі және әрбір Негізгі соманы төлеу күніне төленетін Қарыздың барлық негізгі сомасы бойынша пайыздар (кезекті жарнаның үлесі) көрсетілді. Егер Қарыз қаражаты Негізгі соманы төлеу күніне шоттан толығымен алынса Қарыз алушы әрбір Негізгі соманы төлеу күніне өтейтін Қарыздың негізгі сомасын мыналарды: (а) Негізгі соманы бірінші төлеу күніне алынған және өтелмеген Қарыздың барлық негізгі сомасын (б) әрбір Негізгі соманы төлеудің күніне кезекті жарнаның үлесін көбейту жолымен АДБ анықтайды, қажет болған кезде өтеуге мұндай сома валюта айырбасы қолданылатын осы Толықтырудың 4-тармағында кез келген ескерілген соманы шегерім жасау үшін түзету енгізіледі.

<u>Кезең</u>	<u>Төлемнің шарттастырылған мерзімі</u>	<u>Кезекті жарнаның үлесі</u> (%-пен көрсетілген)
1	2009 жылғы 15 наурыз	0.83
2	2009 жылғы 15 қыркүйек	0.87
3	2010 жылғы 15 наурыз	0.91
4	2010 жылғы 15 қыркүйек	0.96
5	2011 жылғы 15 наурыз	1.01
6	2011 жылғы 15 қыркүйек	1.06
7	2012 жылғы 15 наурыз	1.11
8	2012 жылғы 15 қыркүйек	1.16
9	2013 жылғы 15 наурыз	1.22
10	2013 жылғы 15 қыркүйек	1.28
11	2014 жылғы 15 наурыз	1.35
12	2014 жылғы 15 қыркүйек	1.42
13	2015 жылғы 15 наурыз	1.49
14	2015 жылғы 15 қыркүйек	1.56
15	2016 жылғы 15 наурыз	1.64
16	2016 жылғы 15 қыркүйек	1.72
17	2017 жылғы 15 наурыз	1.81
18	2017 жылғы 15 қыркүйек	1.90
19	2018 жылғы 15 наурыз	1.99
20	2018 жылғы 15 қыркүйек	2.09
21	2019 жылғы 15 наурыз	2.20
22	2019 жылғы 15 қыркүйек	2.31
23	2020 жылғы 15 наурыз	2.42
24	2020 жылғы 15 қыркүйек	2.54
25	2021 жылғы 15 наурыз	2.67
26	2021 жылғы 15 қыркүйек	2.80
27	2022 жылғы 15 наурыз	2.94
28	2022 жылғы 15 қыркүйек	3.09
29	2023 жылғы 15 наурыз	3.25
30	2023 жылғы 15 қыркүйек	3.41
31	2024 жылғы 15 наурыз	3.58
32	2024 жылғы 15 қыркүйек	3.76
33	2025 жылғы 15 наурыз	3.94
34	2025 жылғы 15 қыркүйек	4.14
35	2026 жылғы 15 наурыз	4.35
36	2026 жылғы 15 қыркүйек	4.57
37	2027 жылғы 15 наурыз	4.79

38	2027 жылғы 15 қыркүйек	5.03
39	2028 жылғы 15 наурыз	5.29
40	2028 жылғы 15 қыркүйек	5.54
	100.0	

2. Егер Қарыз қаражаты бірінші Негізгі соманы төлеу күніне толығымен алынбаса, Қарыз алушы әрбір Негізгі соманы төлеу күніне өтейтін Қарыздың барлық негізгі сомасы былайша анықталады:

(а) егер қандай-да бір болмасын Қарыз сомасы бірінші Негізгі соманы төлеу күніне алынбаса, Қарыз алушы осы Толықтырудың 1-тармағына сәйкес осы күнге алынған және өтелмеген соманы өтейді.

(б) бірінші Негізгі соманы төлеу күнінен кейін алынған қаражат осындай қаражатты алғаннан кейінгі күнге келетін әрбір Негізгі соманы төлеу күні өтеледі. Мұндай өтеудің мөлшерін АДБ әрбір алудың сомасын бөлшекке көбейту жолымен анықтайды, оның алымында осы Толықтырудың 1-тармағының кестесінде анықталған, айтылған Негізгі соманы төлеу күні жүзеге асырылатын кезекте жарнаның бастапқы үлесі (кезекті жарнаның Бастапқы үлесі), ал бөлімінде - осы күнге немесе одан кейінгіге келетін Негізгі соманы төлеу күні бойынша кезекті жарналардың Бастапқы үлестерінің барлық қалған үлестерінің сомасы көрсетілген. Қажет болған кезде өтеуге мұндай сома валюта айырбасы қолданылатын осы Толықтырудың 4-тармағында көрсетілген кез келген соманы шегеру үшін түзетіледі.

3. Негізгі соманы төлеудің қандай-да болмасын бір күніне төлеуге жататын жалпы соманы тек қана есептеу мақсатында қандай-да болмасын бір Негізгі соманы төлеу күніне дейін екі күнтізбелік ай ішінде алынған қаражат алған күннен кейінгі күні Негізгі соманы төлеудің екінші күніне алынған және өтелмеген болып есептеледі және алғаннан кейін Негізгі соманы төлеудің екінші күнінен басталатын әрбір Негізгі соманы төлеу күні өтеуге жатады.

4. Осы Толықтырудың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан алынған Қарыздың негізгі сомасының барлық немесе қандай-да бір бөлігінің валютасын мақұлданған валютаға айырбастаған кезде, осылайша мақұлданған валютаға айырбасталған және айырбастау кезеңінде басталатын кез келген Негізгі соманы төлеу күніне өтелетін соманы АДБ тікелей осындай айырбасқа дейін тиісті валютада көрсетілген осындай соманы, не: (i) көрсетілген айырбасқа жатқызылатын валютаны хеджиралау операциясына сәйкес АДБ төлейтін айтылған мақұлданған валютадағы негізгі соманың көлемін көрсететін айырбас бағамына; (ii) немесе егер АДБ мұны Айырбастау жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес анықтаса, Ағымдағы Белгілеу (Screen Rate) бойынша айырбас бағамға көбейту жолымен анықтайды.

5. Егер алынған және өтеуге жататын негізгі Қарыз сомасы ауық-ауық Қарыздың

біреуден артық валютасында деноминацияланған болса, осы Толықтырудың ережелері осындай соманың әрбір өтеу жеке кестесін жасау үшін Қарыздың әрбір валютасына деноминацияланған сомаға жеке қолданылады.

3-Толықтыру

Қарыз қаражатын сатып алу және алу

1. АДБ өзгеше келісім беретін жағдайларды қоспағанда, осы Толықтырудың төмендегі ережелерінде көрсетілген рәсімдер Қарыз сомасынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтерге қатысты қолданылады. Осы Толықтыруда және оған Қосымшада "тауарлар" термині жабдықтар мен материалдарды қамтиды; "қызметтер" термині консультациялық қызметтерді қамтымайды.

2. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу 1999 жылғы ақпандағы "АДБ қарыз қаражаты есебінен сатып алу жөніндегі нұсқаулық" (бұдан әрі - Сатып алу жөніндегі нұсқаулық) ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, оған мезгіл-мезгіл Қарыз алушы мен АШМ-ға берілген өзгерістер енгізілді.

3. Тауарлар мен қызметтерді сатып алу егер төмендегі 6 және 8-тармақтарда өзгеше көзделмесе, қандай да бір болмасын нақты берушіге немесе мердігерге немесе қандай да бір болмасын берушілердің немесе мердігерлердің нақты сыныбына қатысты қандай да бір болмасын шектеулерсіз немесе артықшылықтарсыз жүзеге асырылады.

4. (а) Бағалық құны \$500 000 асатын жабдықтар мен материалдарды беруге арналған әрбір келісім-шарт Сатып алу жөніндегі нұсқаулықтың II тарауында сипатталғандай халықаралық конкурстық сауда-саттықтың негізінде жасалады.

(б) Халықаралық конкурс түріндегі сауда-саттықтың негізінде жасалатын келісім-шарттар бойынша АДБ-ға қысқа мерзімде, кез келген жағдайда АДБ негізді түрде сұрататындай мәліметтері бар нысанда және егжей-тегжейлі Жоба бойынша сауда-саттықта қатысуға бірінші шақыруды бергенге дейін 90 күннен кешіктірмей Сатып алу туралы жалпы хабарлама берілуі тиіс (оны АДБ жеке жариялауға пәрмен етеді). Мұндай Сатып алу туралы жалпы хабарламаны жыл сайын жаңарту үшін қажетті ақпарат халықаралық конкурстық сауда-саттықтың негізінде тауарларды сатып алу жалғастырылғанға дейін АДБ берілуі тиіс.

(с) Халықаралық конкурстық сауда-саттықтың негізінде жасалатын келісім-шарттар бойынша сатып алу жөніндегі іс-шаралар Сатып алу жөніндегі нұсқаулықтың IV тарауында көрсетілген рәсімдерге сәйкес АДБ қарауына жатады. АДБ бекітуіне берілетін сауда-саттықта қатысуға шақырудың әрбір жобасын осындай рәсімдерге сәйкес АДБ оны бергенге дейін 42 күннен кешіктірмей алуы тиіс, сондай-ақ АДБ осындай шақырудың жеке жариялануына пәрмен ету үшін АДБ негізді сұрататын а қ п а р а т т ы қ а м т у ы т и і с .

5. (а) Бағалық құны \$500 000 немесе одан да кем жабдықтар мен материалдарды

беруге арналған әрбір келісім-шарт (кішігірім ұстанымдардан басқа) Сатып алу жөніндегі нұсқаулықтың III тарауында сипатталғандай халықаралық сауда-саттықтың негізінде жасалады.

(b) Сауда-саттықта қатысуға арналған әрбір шақырудың жобасы және конкурстық ұсыныс жөніндегі тиісті құжат АДБ-ға оларды бергенге дейін мақұлдау үшін жіберіледі.

(c) Сатып алу жөніндегі нұсқаулықтың 3.03 (b) ережелеріне қарамастан, кез келген келісім-шарттың ұйғарымы АДБ-нің алдын ала мақұлдауына жатады.

6. Қарыз алушының қарауына халықаралық конкурстық сауда-саттық жөніндегі ұсыныстарды салыстырған кезде және осы Толықтыруға Қосымшаның ережелеріне сәйкес мұндай тауарларды ұсынушы Қарыз алушы мен АДБ қанағаттандыру үшін сауда-саттыққа қатысушы ішкі қосылған құны мұндай тауарларға франко-зауыттың ұсынған бағасының кем дегенде 20 пайызына тең болуы үшін қамтамасыз етеді деген шартпен Қарыз алушының аумағында өндірілетін тауарларға қатысты артықшылықтар маржасы белгіленуі мүмкін.

7. Сметалық құны \$1 000 000 кем құрылыс жұмыстарына арналған келісім-шарттар Қарыз алушының АДБ үшін қолайлы сатып алуды жүргізу жөніндегі стандарттық ережелеріне сәйкес мердігерлер арасында жергілікті конкурстық сауда-саттық негізінде жасалуы мүмкін. Мердігерлерді іріктеу және тарту АДБ мақұлдауымен жүзеге асырылады. Алынған өтінімдерді бағалауды жүргізуге қарай келісім-шарт жасау туралы ұсыныс АДБ мақұлдау үшін беріледі. Бұл үшін АДБ конкурстық ұсыныстарды жария түрде ашу туралы есептің (i); конкурстық ұсыныстарды жинақтау мен бағалаудың үш көшірмесі (ii); келісім-шарттың ұйғарымы туралы ұсыныстар (iii); және шарттың жобасы немесе ұсыныстарды қабылдау туралы хаттың жобасы берілуі тиіс. Әрбір келісім-шарт жасалғаннан кейін дереу және оларды АДБ ресімдеу мүмкіндігіне қарай келісім-шарттың үш көшірмесі беріледі.

8. (a) Сметалық құны \$100 000 кем жай және ұсақ құрылыс жұмыстарының кейбір түрлерін Қарыз алушы жұмыс күшін есепке алу негізінде орындайды.

(b) бағалық құны келісім-шартқа \$100 000 кем болып табылатын тауарлардың кішігірім атаулары тікелей сауда-саттық арқылы сатып алынуы мүмкін.

9. (a) Қарыз алушы АДБ қаржыландыратын тауарлар мен қызметтер (оның ішінде жеке сатып алынған немесе сатып алынған басқа тауарлар мен қызметтердің құрамына енгізілген барлық компьютерлік аппаратура, бағдарламалық қамтамасыз ету және жүйелер) өнеркәсіптік немесе зияткерлік меншік құқығын не кез келген үшінші тараптың патент формуласын бұзбауын және қол сұқпауын бақылап отырады.

(b) Қарыз алушы АДБ қаржыландыратын барлық тауарлар мен қызметтерді сатып алуға арналған келісім-шарттар мердігердің немесе берушінің тиісінше өтініші мен кепілдіктігі барлығын және егер қажет болса, осы тармақтың (a) тармақшасында айтылған ұстанымдар бойынша залалдарға өтем жасалуын бақылап отырады.

Қ а р ы з а л у

10. Қандай-да бір болмасын жергілікті салықтарды төлеу үшін Қарыз шотынан қаражат алуға жол берілмейді.

11. Халықаралық конкурстық сауда-саттық немесе халықаралық сатып алу күшіне енгеннен кейін жергілікті берушімен жасалған кез келген келісім-шарт осы Толықтыруға сәйкес мынадай негіздер бойынша Қарыз қаражатынан қаржыландырылады.

(а) қандай да бір салықтарды қоспағанда, жергілікті берушіден сатып алынған тауарлар ішкі рынокта дайындалған жағдайларда, берілген тауарларға 100% франко-зауыт бағалары;

(б) жергілікті берушіден сатып алынған тауарлар келісім-шарттың 100% бағасын шетел валютасында құрайтын импортталған болып табылатын жағдайда.

Ж е р г і л і к т і ш ы ғы с т а р

12. (а) Жергілікті шығыстарды жабу үшін Қарыз шотынан \$7 600 000 дейін сомада шетел валютасында қаражат алынуы мүмкін.

(б) Егер осы тармақта өзгеше көзделмесе немесе АДБ өзгеге келісім бермесе, Жоба бойынша жергілікті шығыстарды төлеу үшін Қарыз шотынан қаражат алуға жол берілмейді.

Аванстық шот; Шығыстар туралы есеп

13. (а) егер АДБ өзгеге келісім бермесе, Қарыз туралы келісім күшіне енген күннен кейін Қарыз алушы АДБ үшін қолайлы коммерциялық банкте аванстық шот ашады. Аванстық шотты ашу, басқару, толықтыру және тарату Қарыз алушы мен АДБ арасындағы егжей-тегжейлі шарттарды келісу нәтижесі бойынша оған мезгіл-мезгіл енгізілген өзгерістермен 2001 жылғы қаңтардағы "АДБ қарыз қаражатынан ақы төлеу жөніндегі нұсқаулық" сәйкес жүзеге асырылады. Аванстық шотқа салынатын сома \$2 000 000 аспауы тиіс.

(б) егер Шығыстар туралы Есеп Рәсімі (ШЕ) Қарыз алушы мен АДБ арасындағы егжей-тегжейлі шарттарды келісу нәтижесі бойынша оған мезгіл-мезгіл енгізілген өзгерістермен 2001 жылғы қаңтардағы "АДБ қарыз қаражатынан ақы төлеу жөніндегі нұсқаулыққа" сәйкес аванстық шотқа салынған қолайлы шығыстардың орнын толтыру және аванс қаражатын тарату үшін пайдаланылуы мүмкін. ШЕ рәсімдері шеңберінде орнын толтыруға немесе өтеуге жататын кез келген жеке төлемдер \$50 000 аспауы тиіс.

Қ а р ы з Ш о т ы н а н Қ а р а ж а т а л у ш а р т т а р ы

14. Қарыз туралы осы келісімнің кез келген басқа ережелеріне қарамастан, АДБ осы Қарыз туралы Келісімнің 2.04-бөлімінде айтылған бір жолғы комиссиялық сыйақы төлемін алғанша Қарыз Шотынан қаражат алуға жол берілмейді.

3 - Т о л ы қ т ы р у ғ а

Қ о с ы м ш а

(1-бет)

Отандық өндіріс тауарлары үшін преференциялар

1. Халықаралық конкурстық сауда арқылы Қарыз алушының аумағында өндірілген тауарларды сатып алу кезінде сауда-саттық қатысушысы Қарыз алушының және АДБ талаптарына қанағаттандырған және ішкі қосылған құн осындай тауарларға ұсынған франко-зауыт бағаның ең аз дегенде 20 пайызына тең болған жағдайда мына төмендегі ережелерге сәйкес преференция маржасын ала алады. Ішкі қосылған құнның жиырма пайызы тізбедегі тек бір позицияға ғана емес, тауарларға қойылатын жалпы ұсынған франко-зауыт баға қолданылады.

(a) жергілікті преференцияларды қолдану үшін талаптарға жауап беретін барлық конкурстық ұсыныстар, біріншіден, мынадай үш санат бойынша жіктелуі тиіс:

I санат - Қарыз алушының аумағында өндірілген тауарларды ұсынатын және ішкі қосылған құн бойынша ең аз талаптарға жауап беретін конкурстық өтінімдер;

II санат - Қарыз алушының аумағында өндірілген тауарларды ұсынатын конкурстық өтінімдер; және

III санат - импорттық тауарларды ұсынатын конкурстық өтінімдер.

(b) Содан кейін әрбір санатта конкурстық өтінімдерге сәйкес импорт және тауарларды сатумен байланысты алынатын кедендік бажды және өзге де импорттық баждарды және тауарларды сатуға немесе жеткізуге байланысты алынатын ұқсас баждарды есепке алмай өзара әрбір санатта барлық бағаланатын конкурстық өтінімдерді салыстыру арқылы бағасы ең аз ретінде бағаланатын ұсыныс анықталады.

(c) бағасы ең аз ретінде бағаланатын ұсыныс содан кейін бір-бірімен салыстырылады және, егер осындай салыстырудың нәтижесінде I санаттың немесе II санаттың қандай да болмасын бір конкурстық өтінімнің бағасы ең аз болғаны анықталса, ол келісім-шартты жасасу үшін іріктеліп алынуы тиіс.

(d) Алайда, егер жоғарыда келтірілген (c) Тармақшасына сәйкес салыстырудың нәтижесінде бағасы ең аз конкурстық өтінім III санатта табылса, одан әрі ол I санаттың ең аз деп бағаланған конкурстық өтініммен салыстырылуы тиіс. Тек одан әрі салыстыру мақсаттары үшін ең аз сияқты бағаланған III санаттың конкурстық өтініміне қатысты өсіп отыратын түзету жасалуы тиіс, қосу арқылы болмаса немесе:

3 - Т о л ы қ т ы р у ғ а Қ о с ы м ш а

(2-бет)

(i) III санат бойынша конкурстық өтінімде ұсынылған тауарлардың импорты үшін берілетін баждардан босатылмаған импорттаушыға төлеуге тура келетін кедендік баждар мен өзге де импорттық баждардың сомасы; немесе

(ii) егер ол туралы жоғарыда айтылған кедендік баждар мен импорттық баждар СИФ ұсынған бағаның 15 пайызынан асатын болса, осындай тауарларға СИФ ұсынған бағаның он бес пайызы.

Егер одан әрі салыстырғаннан кейін I санаттың өтінімі ең аз болып табылғаны анықталса, ол келісім-шартты жасау үшін іріктеліп алынуы тиіс; егер олай болмаса, онда III санаттың ең аз өтінімі ретінде бағаланғаны келісім-шартты жасасу үшін

і р і к т е л і п

а л ы н у ы

т и і с .

2. (а) Преференция алуға өтінім берген конкурстың қатысушылары ең аз ішкі қосылған құнды қоса алғанда преференцияны алуға конкурстық ұсыныстың қолайлылығын белгілеуге қажетті дәйектемені береді.

(б) Конкурстық құжаттама алынатын преференциялардың, мәлімделген преференцияны алуға арналған ұсыныстың қолайлылығын белгілеуге қажетті ақпараттың, сондай-ақ конкурстық ұсыныстарды салыстыру кезінде сақталуы тиіс барлық жоғарыда көрсетілген рәсімдердің нақты келісілуі тиіс.

3 - Т о л ы қ т ы р у ғ а

Қ о с ы м ш а

(3-бет)

Жергілікті мердігерлер үшін преференциялар

3. Құрылыс жұмыстары үшін мердігерлерді, сондай-ақ объектілерді тұрғызу және " сақадай сай" пайдалануға тапсыру үшін бірыңғай жауапкершілік шарттары негізінде мердігерлерді немесе келісімшарттар бойынша тұрақты жұмыс үшін немесе кезінде пайдаланылатын СИФ тауарларының құны осындай жұмыстардың жалпы құнының кемінде 60 пайызы болып табылатын жағдайда, жеткізу және қондыру шарттары негізінде мердігерлерді іріктеу кезінде төменде көрсетілгендегідей қолайлы жергілікті мердігерлер халықаралық конкурстық сауда-саттығы арқылы төменде келтірілген ережеге сәйкес преференцияның маржасын ала алады:

(а) Жергілікті преференцияларды қолдану үшін талаптарға жауап беретін барлық конкурстық өтінімдер, біріншіден, мынадай екі санат бойынша жіктелуі тиіс:

 I санат - төменде келтірілген 6-тармақта белгіленген қолдануға болатын өлшемдерге сәйкес преференцияларды алу үшін талаптарға жауап беретін жергілікті мердігерлер мен бірлескен кәсіпорындар ұсынған конкурстық өтінімдер; және

 II санат - басқа да мердігерлер ұсынған конкурстық өтінімдер.

(б) Содан кейін әрбір санатта әрбір санаттардың арасындағы барлық бағаланатын конкурстық өтінімдерді салыстыру жолымен бағасы ең аз ретінде бағаланатын ұсыныс а н ы қ т а л а д ы .

(с) ең аз деп бағаланатын конкурстық өтінімдер содан кейін бір-бірімен салыстырылады және, егер осы салыстырудың нәтижесінде I санаттың қандай да болмасын бір ұсыныстың бағасы ең аз болса, ол келісім-шартты жасасу үшін іріктеліп а л ы н а д ы .

(d) Алайда, егер жоғарыда келтірілген (с) тармақшасына сәйкес салыстырудың нәтижесінде бағасы ең аз берілетін ұсыныс II санатта табылса, одан әрі ол I санаттың ең аз конкурстық ұсынысы ретінде бағаланғанымен салыстырылады. Тек одан әрі салыстыру мақсаттары үшін ұсынылған бағаның жеті жарым пайызына тең соманы қосу жолымен ең аз ретінде бағаланған II санаттың конкурстық ұсынысына өсіп отыруына бағытталған түзету жүргізіледі. Егер осындай салыстырудан кейін I санаттан алынатын ұсыныстың бағасы ең аз болатыны анықталса, келісім-шартты жасасу үшін

іріктеліп алынады; егер олай болмаса, онда бағасы ең аз ретінде бағаланатын II санаттың конкурстық ұсынысы іріктеліп алынады.

3 - Т о л ы қ т ы р у ғ а

Қ о с ы м ш а

(4-бет)

4. (а) жоғарыда келтірілген 5-тармақта белгіленген преференцияларды алуға қолайлы болуы үшін жергілікті мердігерлер мынадай өлшемдерге сәйкес келуі:

(i) фирмалар Қарыз алушының аумағында тіркелуі;
(ii) фирма меншігінің үлкен бөлігі Қарыз алушы елінің азаматтарына тиесілі; және
(iii) фирмалар шетелдік мердігерлердің қосалқы келісімшартына жұмыстың жалпы құнының 50 пайызынан артық бермеуі тиіс.

(b) Егер ол мынадай өлшемге жауап берсе:

(i) жергілікті серіктестік(тер) жекеше алғанда жоғарыда көрсетілген өлшемдерге сәйкес преференцияларды алу үшін қолайлы болып табылатын болса;

(ii) шетелдік қатысусыз жергілікті серіктестік(тер) техникалық немесе қаржылық негіздемелер бойынша жұмысқа келісім-шарт алу үшін жіктелуі мүмкін емес болса;
ж ө н е

(iii) ұсынылатын сызбалар бойынша жергілікті серіктестік(тер) құнға шағылғанда өлшенетін келісімшарттық жұмыстардың ең аз дегенде 50 пайызын орындайтын болса, жергілікті мердігер және оның шетелдік серіктестігі арасында бірлескен кәсіпорын преференциялар алу үшін қолайлы болып табылады.

(c) Преференциялар алуға өтінім беретін мердігерлер біліктілікті анықтау үшін талап етілетін мәліметтердің құрамында қажетті ақпаратты, оның ішінде преференция алуға арналған талаптарға нақты фирманың немесе фирма топтарының қолданылатын өлшемдері сәйкестігінің негізінде белгілеу үшін меншік туралы нақты деректерді беруі
т и і с .

5. Конкурстық құжаттама алынған преференцияларды, мәлімделген преференцияларды алуға фирмалардың қолайлылығын анықтауға қажетті ақпаратты, сондай-ақ конкурстық ұсыныстарды салыстыру кезінде сақталуы тиіс барлық жоғарыда белгіленген рәсімдерді нақтылауы тиіс. Қарыз алушының және АДБ талабы бойынша преференцияларды алуға өтінім беретін конкурстың қатысушылары преференцияларды алуға олардың құқықтылық дәйектемесінің үстіне қосымша ақпарат ұсынады.

4-Қосымша

Консультанттар

1. Консультанттардың қызметтері Жобаны іске асыру кезінде, атап айтқанда:

(а) ж о б а н ы б а с қ а р у ;

(b) сумен жабдықтауды және кәрізді инженерлік сүйемелдеу;

(c) қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау;

- (d) гидрогеология;
- (e) ұңғымаларды бұрғылау;
- (f) санитарлық-гигиеналық ағарту;
- (g) қаржы мен бухгалтерлік есеп; және
- (h) институционалдық дамыту үшін пайдаланылады.

Консультанттардың қызметтері Қарыз алушының меншікті ресурстарынан қаржыландырылады. Консультанттардың техникалық тапсырмалары АДБ және Қарыз алушы арасында келісіледі.

2. (a) Халықаралық консультанттарды іріктеу және тарту "Азия Даму Банкі мен оның Қарыз алушыларының консультанттарды жалдау жөніндегі Нұсқаулықтың" 2002 жылғы сәуірдегі ережесіне сәйкес (бұдан әрі "консультанттарды жалдау жөніндегі Нұсқаулық" атынан) жүргізіледі, ол мезгіл-мезгіл түзетіледі, және Қарыз алушыға беріледі.

(b) Жергілікті консультанттарды іріктеу және тарту АДБ оның біліктілігін және тапсырманы орындау үшін тәжірибені алдын-ала мақұлдай отырып басқа ережелер бойынша жүргізілетін болады. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін көп кешікпей АДБ қол қойылған келісімшарттың үш көшірмесі беріледі. Егер келісімшартта, оны ресімдегеннен кейін қандай да болмасын мәнді өзгерістер ұсынылса, ұсынылатын өзгерістер АДБ мақұлдау үшін табыс етілетін болады.

3. Консалтингтік фирмаға іріктеуді және жалдауды мынадай рәсімге сәйкес сапа мен бағаға негізделген іріктеу (СБНІ) рәсімдерін пайдалана отырып АА (Атқарушы агенттік) жүргізеді:

(a) Техникалық және қаржылық ұсыныстарды беруге шақыру . Техникалық және қаржылық ұсыныстарды беруге шақыру (бұл жерде және бұдан әрі аталған "Ұсыныстарды беруге сұрау салу немесе ҰБС"), сондай-ақ барлық қажетті құжаттар оларды жариялаудың алдында АДБ мақұлдануы тиіс. Осы мақсаттар үшін ҰБС жобасының үш көшірмесі, қысқа тізімге енгізілген консультант фирмаларының атауы, екі ұсынысты бағалаудың ұсынылатын өлшемдері, консультанттардың қызметтері мен өзге де ілеспе құжаттарды беруге арналған келісімшарттың жобасы АДБ берілуі тиіс. Екі ұсынысты беру үшін кемінде 60 күн мерзім берілуі тиіс. ҰБС соңғы болжамының көшірмесі сол жарияланған түрінде барлық ілеспе құжаттармен қатар, оларды бергеннен кейін бірден ақпарат үшін АДБ берілуі тиіс. ҰБС көзделген техникалық және қаржылық ұсыныстардың әрекет ету мерзімі, әдетте техникалық және қаржылық ұсыныстардың беру мерзімі сияқты көрсетілген сәттен бастап үш айдан аспауы тиіс. Осындай әрекет ету мерзімін ұзарту туралы кез келген өтініш АДБ мақұлдауын алуы тиіс. Алдын-ала АДБ келісілген жағдайларды қоспағанда, әрекет ету мерзімі, сондай-ақ оның барлық ұзартылуы алты айдағы барынша көп кезеңнен аспауы тиіс. Егер әрекет

ету мерзімінің ішінде консультанттарды пайдалану жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес келісімшартқа қол қойылмаса, іріктеудің нәтижелері жарамсыз болып танылады, содан кейін осы тармақта көзделген іріктеу және жалдау процесі қайтадан басталуы тиіс.

(b) Техникалық ұсыныстар бойынша баллдарды бағалау және анықтау. Техникалық ұсыныс бағаланғаннан кейін тікелей техникалық ұсыныстарды бағалаудың нәтижелері АДБ мақұлдануы тиіс. Осы мақсат үшін АДБ техникалық ұсыныстардың үш көшірмесі жіберілуі тиіс.

(c) Көпшілік түрде қаржылық ұсыныстарды ашу. Техникалық ұсыныстары ең аз біліктілік техникалық талаптарына жауап беретін фирмалардың қаржылық ұсыныстары осы фирмаларға немесе олардың өкілдеріне қаржылық ұсыныстардың ашылуына қатысуға тиісті шақыруды бергеннен кейін көпшілік түрде ашылады.

(d) Қаржылық ұсыныстар рейтингін бағалау және анықтау, сондай-ақ техникалық және қаржылық ұсыныстар рейтингін анықтау . Қаржылық ұсыныстарды бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, техникалық және қаржылық ұсыныстардың рейтингі анықталады. Бірінші орын алған консультанттармен келіссөздер жүргізгенге дейін қаржылық ұсыныстарды бағалау және техникалық және қаржылық ұсыныстар рейтингін анықтау жөніндегі АДБ мақұлдануы алынуы тиіс. Осы мақсаттар үшін АДБ (i) қаржылық ұсыныстарды бағалау туралы және (ii) техникалық және қаржылық ұсыныстар рейтингін анықтау туралы есептің үш көшірмесі берілуі тиіс.

(e) Келісімшартты орындау . Келіссөздер аяқталғаннан кейін, АДБ келісімшартына қол қойғанға дейін келіссөздер барысында мақұлдауға келісілген түрде келісімшарт жіберілуі тиіс. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін бірден АДБ қол қойылған келісімшарттың үш көшірмесі жіберілуі тиіс. Егер келісімшартқа қол қойылғаннан кейін оған қандай да болмасын мәнді өзгерістер ұсынылса, мұндай өзгерістер АДБ келісуге жіберілуі тиіс.

4. Қарыз алушы халықаралық рәсімдер бойынша жалданатын консультанттардың жергілікті консультанттармен олардың ынтымақтастығын көздейтін осы Ереженің 3-тармағына сәйкес іріктеуге өтініш жасайды. АДБ осы өтінішпен келісті және осы мақсатта осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне сәйкес АДБ жіберілетін ұсынысқа ынтымақтастықпен байланысты тиісті ереже енгізілуі тиіс.

5-Толықтыру

Жобаны орындау және басқа да мәселелер

Іске асыру тетіктері

А. Атқарушы агенттік және орындаушы агенттік

1. Ауыл шаруашылығы министрлігі Атқарушы агенттік (АА) ретінде әрекет етеді және Жобаның жалпы үйлесімі үшін жауап береді. АШМ Су ресурстары жөніндегі комитеті (СРК) Орындаушы агенттік ретінде әрекет етеді және даму

бағдарламаларының дайындау және іске асыру үшін, сондай-ақ тұрақты ауылдық жерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында жүйелерді жетілдіру үшін жауап береді.

В. Жобаны үйлестіру жөніндегі комиссия (ЖҮК)

2. Қарыз алушы Қарыз туралы келісім күшіне енген күнге дейін ЖҮК құрады. ЖҮК министрліктердің, ведомстволардың, ұйымдардың, сондай-ақ сумен жабдықтау жүйесінің саласы үшін белсенді әрекет жасаған және жауап беретін мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының кең жүйесінің қызметін үйлестіреді. Бұдан басқа, ЖҮК Жобаны іске асыру мониторингі және үкіметтік стратегия және бағдарламалармен үйлестіруді қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болады. ЖҮК жұмысы АА-тің төрағалық етуімен жүзеге асырылады және ЖҮК Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (ЭБЖМ), Қаржы министрлігінің (ҚМ), Денсаулық сақтау министрлігінің (ДСМ), қажет болған жағдайда, басқа да мүдделі ведомстволардың өкілдерін өз құрамына қосады. ЖҮК Жобаны басқарудың орталық тобы (ЖБОТ) беретін есептерді талдау үшін де жауап береді, басшылық етуді жүзеге асырады және қажет болған кезде, ЖБОТ пен ЖБОблТ-на нұсқама береді.

С. Жобаны басқару жөніндегі мамандардың орталық тобы (ЖБОТ)

3. Қарыз алушы Қарыз күшіне енген күнге дейін ЖБОТ құрады. ЖБОТ Жобаны іске асыруды жүзеге асырады, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді сатып алуды, сондай-ақ Жобаға енгізілген облыс орталықтары жанындағы Жобаны басқарудың облыстық топтарымен (ЖБОблТ) келісім бойынша келісім-шарттар жасасады. ЖБОТ-ты жобалау және сатып алу жөніндегі Жоба Үйлестіруші/маман басқарады, инженерлік сүйемелдеуді, қаржыны басқаруды, халықтың қатысуы және институционалдық дамуды қоса алғанда, Жобаны іске асыру бағыттары бойынша мамандандырылған персоналы болады.

Д. Жобаны басқарудың облыстық тобы (ЖБОблТ)

4. Жобаны басқарудың облыстық тобы облыстық деңгейде Жобаны іске асыру жөніндегі барлық іс-шараларды үйлестіреді және басшылық жасайды. ЖБОблТ ЖБОТ-қа есеп береді. Базалық инфрақұрылымды дайындау және дамыту кезінде ЖБОблТ барлық мәселелерді келіседі және ЖБОТ-тың жалпы басшылығымен әрекет етеді. ЖБОТ-тың басқаруымен ЖБОблТ Жобаның барлық аспектілерін іске асыруды жүзеге асырады және облыстық деңгейде тиісті техникалық департаменттермен және ведомстволармен тікелей келісімді жүзеге асырады. ЖБОблТ жұртшылықпен консультациялар, кіші жобаларды іріктеу, тендер және конкурс құжаттамасын дайындау, құрылысты қадағалау, сапасына мониторинг және бақылау жасау, жобалау шоттарын жүргізу, қоршаған ортаны қорғауға ықпал етуіне байланысты мәселелерді реттеу сияқты Жобаны іске асыру жөніндегі негізгі іс-шараларға мүдделілік танытады және үйлестіреді. Әрбір ЖБОблТ-ты ЖБОблТ-тың техникалық консультанты немесе топтық үйлестірушісі қолдайды, ол облыстық әкімдікпен кеңесіп отыратын болады.

Әрбір ЖБОблТ жобалау, құрылысты қадағалау, әлеуметтік даму, бухгалтерлік есеп және халықпен жұмыс жөніндегі мамандармен толықтырылуы қажет.

5-қосымша

Кіші жобаларды іріктеу

А. Елді мекендер және кіші жобаны іріктеу

5. Елді мекендер мынадай үш негізгі санатқа бөлінуі тиіс:

- (a) жұмыс істемей тұрған топтық су құбырлары (ТСК) бар елді мекендер;
- (b) ТСК арқылы су сирек берілетін елді мекендер; және
- (c) дербес су берудің өзге де тәсілдері бар елді мекендер.

Кіші жобалар үшін елді мекендерді іріктеу кезінде неғұрлым кең ауқымды өлшемдер қолданылатын болады және әуелде басымдық ТСК жұмыс істемей тұрған елді мекендерге, сондай-ақ ТСК арқылы су сирек берілетін елді мекендерге берілетін болады.

6. Кіші жобаны іріктеу мыналардың негізінде жүзеге асырылатын болады:

- (a) халқының саны жоғары кедейшілік шегінен төмен өмір сүретін елді мекендер;
- (b) бұратын су көздері бар елді мекендер;

(c) сумен жабдықтау жобаларын экономикалық талдау жөнінде АДБ нұсқаулығында белгіленген экономикалық критерийлерге жауап беретін кіші жобалар және атап айтқанда, құны неғұрлым төмен критерийлер;

- (d) құрылысы аяқталған сумен жабдықтау объектілеріндегі ПЖҚ тұрақтылығы;

- (e) СПТ құрғысы келетін елді мекендер; және

(d) мемлекеттік басқарудың тиісті облыстық органы қажет болған кезде ПЖҚ құнын қаражаттандыру міндеттемесін өзіне алған елді мекендер.

Кіші жобаларда Табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің экологиялық рұқсаты болуы қажет және ешқандай-да қоныс аударту көзделмеуге тиіс. Болжанған кіші жобалар қолайлы технологияны пайдалануы және неғұрлым аз шығын жұмсау шешімдері ұсынуы қажет.

В. Бағалау және бекіту

7. Кіші жобалардың негіздемесі:

- (a) діттелген экономикалық тіршілік қабілетіне;
- (b) оп-оңай қол жеткізуге болатын және барынша аз шығын қажет ететін шешімдерді көздейтін дизайн қабылдауға;
- (c) ПЖҚ қамтамасыз етуге; және
- (d) қоршаған ортаны қорғауды жақсартуға жәрдемдесуге және денсаулыққа қосымша пайда жасауға негізделуі тиіс.

8. Қарыз алушы СРК арқылы әрбір алғашқы шағын кіші жобаларды немесе облыстар Жобасына енгізілген әрбір төртеуінен берілетін \$500 000-нан кем емес сомаға сметалық құны бар кіші жобаны және бірінші үлкен кіші жобаны немесе Жоба аймағына кіретін әрбір облыстан берілетін \$500 000-нан астам сомаға сметалық құны

бар кіші жобаны бекітуге АДБ-не береді. \$2 000 000-нан астам сомаға сметалық құны бар кез-келген кейінгі кіші жобаны бекіту үшін АДБ-не беріледі. Бұдан басқа, Қарыз алушы қарауға және ескертулер беруге әрбір қатысушы облыста аяқталған алғашқы 10 кіші жобаны АДБ-не беруге тиіс.

9. Осы кіші жобаларды бекіту үшін СРК АДБ-не кіші жоба жөніндегі сипаттау мен бағалау ұсыныстарын қамтитын өтінім береді. АДД-нің мақұлдауын талап етпейтін кіші жобаларды ЖБОТ/СРК бағалайды және ЖҮК бекітеді. СРК мен ЖБОблТ барлық ірі кіші жобаларға экономикалық және қаржылық талдау жүргізеді. СРК мен ЖБОблТ шағын кіші жобалар бойынша оңай қол жетімділігін талдауды қоса алғанда, оңайлатылған қаржылық және экономикалық талдау жүргізеді. Кіші жоба жөніндегі ұсыныстармен байланысты және СРК-де сақталған барлық құжаттарға АДБ-нің сұратуы бойынша рұқсат ету қамтамасыз етіледі.

Сумен жабдықтау

10. Қарыз алушы атқарушы өкіметтің жергілікті органдарына кедейшілік шегінен төмен өмір сүретін тиісті кіші жобалық аймақтың тұрғындарына жеткізілетін су көлемін ұлғайту үшін қоғамдық су талдау желілері жөніндегі бағдарламаны кеңейтуге жәрдемдеседі.

Қоршаған орта

11. Қарыз алушы (а) Үкіметтен барлық қажетті экологиялық рұқсаттардың дереу алынуын; (b) қоршаған ортаның қорғалуын бағалауға АДБ-ның талаптарына, сондай-ақ қоршаған ортаға тигізетін әсеріне талдау жасайтын рәсіміне сәйкес әрбір кіші жоба бойынша бастапқы экологиялық тексеруді (БЭТ) дайындауды (с) қоршаған ортаны қорғау жөнінде Қарыз алушы мен АДБ-нің рәсімдері мен кепілдемелеріне сәйкес әрбір кіші жобаны жарақтандыруды және пайдалануды; (d) негізгі кіші жобаларға қатысты БЭТ-дің Қысқаша шолуында көзделгендей мониторинг бағдарламасының әсері мен орындалуын кеміту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы кіші жобаларды іске асыруға байланысты пайда болған кез-келген қолайсыз экологиялық әсерін барынша азайтуды, және, егер алаңдатушылық туғызатын болса, қоршаған ортаны қорғауға тигізетін ықпалына бағалау жүргізуді; және (е) жоба мониторингі және талдау шеңберінде құрылыс және пайдалану кезеңіне экологиялық мониторинг бағдарламасын іске асыру барысы туралы есеп беруді қамтамасыз етеді.

Жоба қорытындыларының мониторингі

12. Қарыз алушы ЖБОТ-тың көмегімен жыл сайын алынған нәтиже Жобаны іске асыру қорытындыларының және Жоба бойынша толығымен барлық қызметтің қаралуын және бағалануын қадағалайды. Қарыз туралы келісім күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде Қарыз алушы АДБ-нің талаптарына жауап беруі үшін мониторингтің тиісті қаржылық және техникалық көрсеткіштерін және ақпаратты пайдалануды қоса алғанда, Жоба қорытындыларының мониторинг жүйесін (ЖҚМЖ) жетілдіреді.

Тарифтер

13. Қарыз алушы мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының және СПТ-ның байыпты әкімшілік практикаға және суға ақы төлеуді жинауды көздейтін рәсімдерге сәйкес Жобаның объектілеріне қызмет көрсетуіне жәрдемдеседі. Бұдан басқа, Қарыз алушы мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының суға тарифтердің мөлшері мен құрылымына талдау жүргізуіне және осындай талдау жүргізілгеннен кейін үш ай ішінде АА арқылы АДБ-не алынған қорытындыларды беруіне мүмкіндік жасайды.

Шоттарды дайындау және төлем жинау

14. Қарыз алушы мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының және СПТ-ның суға төленбеген шоттар бойынша төлемді тиісінше жиналуын жүзеге асыру жөнінде, сондай-ақ су өлшегіштердің көрсеткішін бұрмалау немесе суды ұрлауға жол бермеуге бағытталған жолсыздықтарға соттың көмегі арқылы үзілді-кесілді су ресурстары мен объектілерін қорғау жөнінде міндетті шараларды қабылдауын қадағалайды.

ЖҚҰ-дың, ҮЕҰ-дың және әйелдердің қатысуы

1 5 . Қ а р ы з а л у ш ы

(а) тиісті ЖҚҰ және ҮЕҰ кіші жобаларды жоспарлауға, жобалауға, құрылысқа, ПжҚ тартылуын, сондай-ақ мүмкіндіктер жасау, денсаулық қорғау және гигиена сияқты Жобаның осындай компоненттері бойынша белсенді көмектесуін;

(б) әйелдер комитетінің Жобаға қатысты шешімдерді қабылдауға байланысты барлық іс-шараларға қатысуын; және

(с) Жоба шеңберінде СПТ қызметіне байланысты іс-шараларға әйелдерді тарту үшін баламалы мүмкіндік берілуін қадағалайды. СПТ-да басқарушылық лауазымдардың кем дегенде жартысын әйелдер атқаруы қажет.

Шоттар аудиті

16. Жыл сайын ұсынылып отыратын аудиторлық тексеруге ұшыраған қаржылық есептердің Қарыз туралы келісімнің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында, (i) аудиторлар АДБ-не қолайлы біліктілігі, білімі, тәжірибесі және техникалық білімі бар; (ii) тарту рәсімі АДБ үшін қолайлы болып табылатын шарт бойынша жеке аудиторларды тартуға және ағылшын тіліне аудиторлық қорытындыларды аударуға байланысты шығыстарды қаржыландыру үшін Қарыз қаражаттарын пайдалануы мүмкін.

Ортақ қаржыландыру қаражаты

17. Қарыз туралы келісімнің 4.02-Бөліміне нұқсан келтірместен, Қарыз алушы Жобаны іске асыруға қажетті барлық ортақ қаржыландыру қаражатының уақытылы берілуін қамтамасыз етеді. Бұл үшін Қарыз алушы мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының ортақ қаржыландыру қаражатының уақытылы беруін және қажет болған кезде жыл сайынғы негізде Жобаны іске асыру кезеңінде объектілерді пайдалану және

қызмет көрсету үшін ақшалай қаржы бөлуін қадағалайды.

18. Қарыз алушы Жобаның 2004 жылға арналған Басым инвестициялық жобалардың тізбесіне (БИЖ) кіруіне кепілдік беруі қажет.

Мәжбүрлі қоныс аударту

19. Мәжбүрлі қоныс аударту көзделмегеніне қарамастан, Қарыз алушы Атқарушы агенттік арқылы құрылыс жұмыстарына келісім-шарттарды жасасқанға дейін жерді, кірісті, тұрғын үйді, жалпы пайдаланылатын объектілерді және мәжбүрлі қоныс аударту туралы АДБ-нің саясатына сәйкес өтемақы төлеуді және басқа көмекті талап ететін ресурстардың ысырап болуы жағдайлары орын алмау үшін мәжбүрлі қоныс аудартудың ықтимал зардаптарын мұқият зерделеуді жүргізеді. Егер мұқият тексерудің нәтижесінде мәжбүрлі қоныс аударту мүмкін екендігі айқындалатын болса, онда Қарыз алушы мәжбүрлі қоныс аударту туралы АДБ-нің саясатына сәйкес қоныс аударту жөнінде іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Жобаны талдау

20. Қарыз күшіне енген күннен кейін жылына бір рет Қарыз алушы АДБ-мен бірлесіп іске асыру жөнінде іс-шаралар, соның ішінде СРК-нің және СПТ-ның рөлін, сондай-ақ Жобаны іске асыру басталғаннан кейін жинақталған тәжірибе бағасын жүргізеді.

21. Қарыз алушы толық көлемді талдауды Жоба іске асырыла бастаған екінші және төртінші жылы жүргізеді. Осындай талдау кедейшілікті азайтуға, Жобаны іске асыру тетігіне, жұртшылықтың қатысуына, Жобаны іске асырудың табиғи нәтижелеріне, технологияны жобалауға және пайдалануға, ПжҚ ұйымдастыру және шығындарды өтеу тетіктеріне, институционалдық аспектілерге, оның ішінде денсаулық қорғау саласында оқыту, білім беру бағдарламаларына, сондай-ақ әйелдердің рөліне Жобаның ықпал етуі қарастырылуы тиіс.